

"Құқық қорғау органдардың құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен жария емес тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестіру қызметін жүргізу үшін, сондай-ақ өздеріне жүктелген өзге де шешу үшін қажетті ақпаратты алу қағидалары мен негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 150, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1119, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 733, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 21 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2020 жылғы 20 мамырдағы № 153, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2020 жылғы 28 мамырдағы № 72, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 маусымдағы № 550 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 462 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 15 маусымда № 20859 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Құқық қорғау органдардың құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен жария емес тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестіру қызметін жүргізу үшін, сондай-ақ өздеріне жүктелген өзге де міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратты алу қағидалары мен негіздері бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 150, Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1119, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 733, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Министрінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 21 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12860 санымен тіркелген, 2016 жылғы 28 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-2 бабы 3-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**";

Құқық қорғау органдардың құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен жария емес тергеу әрекеттері мен

жедел-іздігі қызметін жүргізу үшін, сондай-ақ өздеріне жүктелген өзге де міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратты алу қағидаларында:

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдарының қызметкерлері осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке) жүктелген өзге де міндеттерді шешу барысында Қолжетімділік құқықтарына сәйкес көлемде ҚАО ААЖ-дан ақпаратты алады.

7. Экономикалық тергеу қызметінің қызметкерлері осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы миинстрлігі Қаржы мониторингі комитетінің (бұдан әрі – ҚМ ҚМК) экономикалық тергеу қызметіне жүктелген өзге де міндеттерді шешу барысында Қолжетімділік құқықтарына сәйкес көлемде ҚАО ААЖ-дан ақпаратты алады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. ҚМ ҚМК сервистері қолжетімді болатын баптар осы Қағидалардың 8-қосымшасында сипатталған.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. ҚАО ААЖ пайдалану үрдісінде барлық параметрлерді белгілеу Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жүзеге асырылады.";

1-қосымшада ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе:

* Қысқартылған қызмет ЗТМО – ЗТМО кіріс мөлшерін көрсетпестен

** ҚМК қызметтерінің қолжетімділігі жөніндегі баптар осы Қағиданың 8-қосымшасында сипатталған";

2-қосымшада ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе:

* ҚМК қызметтерінің қолжетімділігі жөніндегі баптар осы Қағиданың 8-қосымшасында сипатталған";

3-қосымшада ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе:

* Қысқартылған қызмет ЗТМО – ЗТМО кіріс мөлшерін көрсетпестен

** ҚМК қызметтерінің қолжетімділігі жөніндегі баптар осы Қағиданың 8-қосымшасында сипатталған";

4-қосымшада ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе:

* Қысқартылған қызмет ЗТМО – ЗТМО кіріс мөлшерін көрсетпестен

** ҚМК қызметтерінің қолжетімділігі жөніндегі баптар осы Қағиданың 8-қосымшасында сипатталған";

5-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке) жүктелген өзге міндеттерді шешу барысындағы қол жеткізу құқығы";

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе:

* Қысқартылған қызмет ЗТМО – ЗТМО кіріс мөлшерін көрсетпестен

** ҚМК қызметтерінің қолжетімділігі жөніндегі баптар осы Қағиданың 8-қосымшасында сипатталған";

6-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің экономикалық тергеу қызметіне жүктелген өзге міндеттерді шешу барысындағы қол жеткізу құқығы";

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе:

* Қысқартылған қызмет ЗТМО – ЗТМО кіріс мөлшерін көрсетпестен

** ҚМК қызметтерінің қолжетімділігі жөніндегі баптар осы Қағиданың 8-қосымшасында сипатталған";

7-қосымшада ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе:

* ҚМК қызметтерінің қолжетімділігі жөніндегі баптар осы Қағиданың 8-

қосымшасында сипатталған";

12-қосымшада:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"

3	Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) жедел қызметкерлері	+	+	+	+
4	ҚМ ҚМК жедел қызметкерлері	+	+	+	+

".

2. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) Әкімшілік-құқықтық департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ол жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) Аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі _____ Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрі ___ Е. Тургумбаев

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры _____ Г. Нурдаулетов

Қазақстан Республикасының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігінің
(Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы қызметтің)
төрағасы _____ А. Шпекбаев